



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 161-н/к

г.орда Кызылорда

«Мектеп театры (театр сабақтары)»
жобасын ендіру туралы

Білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарын мазмұн
толықтыру және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсын
«Балалар және театр» ағартушылық жобасын білім беру ұйымы деңгейін
қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектеп театры (театр сабақтары)» жобасы білім беру ұйымдарын
тәрбие жұмысының жоспарына ендірілсін.
2. Барлық білім беру ұйымдары бойынша жоба аясында аткарылатын
шаралар тізбесі нақтылансын, ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
3. Әрбір білім беру ұйымы жергілікті мәдениет үйлері (клубтары) және
ұйымдардың мамандарының қатысуымен бірлескен іс-шар
ұйымдастырсын.
4. Аткарылған жұмыстар жөнінде насихаттау білім беру ұйымын
әлеуметтік желідегі парақшаларында тұрақты жүргізілсін және облыстық бі
басқармасына тоқсан сайын ақпарат жолдансын.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау басқарма басшысын
орынбасары Б.Бердаулетовке және Кызылорда облыстық оқу орталығы
(әдістемелік кабинет) жүктелсін.

Басқарма басшысы

А.Қасымова

Бұйрық № 114 к/б
13 сәуір 2021 жыл

**«Мектеп театры (театр сабақтары)»
жобасын енгізу туралы**

Білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарын мазмұнын толықтыру және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Балалар және театр» ағартушылық жобасын білім беру ұйымы деңгейінде қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мектеп театры (театр сабақтары)» жобасы білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жоспарына ендірілсін.
2. Барлық білім беру ұйымдары бойынша жоба аясында атқарылатын шаралар тізбесі нақтылансын, ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
3. Әрбір білім беру ұйымдарында жергілікті мәдениет үйлері (клубтары) және ұйымдардың мамандарының қатысуымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Атқарылған жұмыстарды насихаттау білім беру ұйымдарының әлеуметтік желі парақшаларында тұрақты жүргізілсін және Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне тоқсан сайын ақпарат берілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Е. Елдеевке жүктелсін.

Бөлім басшысы

Д. Баймурзаева



БҰЙРЫҚ
«31» 08 20 22 ж.

ПРИКАЗ
№ 236

**«Мектеп театры (театр сабақтары)»
жобасын енгізу туралы**

№145 орта мектебінде Қызылорда облысының білім басқармасының 2021 жылғы 06 қазандағы №161-нқ/1 бұйрығы, Қызылорда облыстық оқу орталығының 2021 жылғы 13 қазандағы №850, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2021 жылғы 01 қарашадағы №1504 хатына сәйкес тәрбие бағытындағы жұмыстарын мазмұндық толықтыру және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Балалар және театр» ағартушылық жобасын білім беру ұйымы деңгейінде қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Мектеп театры (театр сабақтары)» жобасы №145 орта мектебінің тәрбие жұмысына ендірілсін.

1. №145 орта мектебі бойынша жоба аясында атқарылатын іс-шаралар тізбесі нақтылансын, ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
2. Атқарылған жұмыстар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланып, қорытындысы тоқсан сайын жасалынсын.
3. «Балалар және театр» ағартушылық жобасына жетекшілік ету мектеп тәлімгері Ж.Спандияроваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Ахметовке міндеттелсін.



Мектеп директоры

Б.Утегенов

«Бекітемін»
Мектеп директоры:



Б Утегенов

**«Мектеп театры» жобасының жұмыс жоспары/2022-2023
оқу жылы**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп театрын құру. Кастинг жариялау	Оқушыларды театр құрамына қабылдау.Топ құру, танысу,шығармашылық қабілеттерін анықтау	кастинг	қыркүйек	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші
2	Театрдың ашылуы	Мектеп театрының ашылу салтанаты	концерт	қазан	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші
3	Рөлдермен жұмыс	Диалог, монолог,сөйлеу, интонациялық бейнелілігі		қараша	Сүгірәлиева.М
4	Сахналау	Диалог сөздерді мәнеріне келтіре,қажетті көңіл-күймен айту дағдыларын қалыптастыру		желтоқсан	Сүгірәлиева.М
5	«Қызыл телпек» ертегісі		қойылым	желтоқсан	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші
6	Сценалық қимылдармен жұмыс	Музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер түрлері.Образдар арқылы болмысты бейнелеу		ақпан	Сүгірәлиева.М

7	«Ұр тоқпақ» ертегісі	Жағымды кейіпкерлеріміздің жақсы қасиеттерін бойларына сіңіру	қойылым	Қаңтар	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші
8	«Адалдық» тақырыбында (айтыс)	Қыз бен жігіт айтысы	айтыс	наурыз	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші
9	«Не -ексең соны орасың»	Отбасылық құндылықтарды дәріптеу	қойылым	мамыр	Сүгірәлиева.М Сынып жетекші

Театр құрамындағы оқушылар тізімі

P/c	Аты жөні	Сыныбы	Рольдерді орындаушылар
1	Бақыт Нұрдос	3	актер
2	Жақсыбек Мағжан	3	режиссер
3	Талғатқызы Жәнерке	3	әнші
4	Хайрат Әлина	3	ақын
5	Амангелді Ерасыл	4	көмекші
6	Әбдікер Нұрасыл	4	актер
7	БейсбаеваАружан	4	актриса
8	Жақсыбек Мұстафа	4	актер
9	Мамырхан Мирас	4	биші
10	Мүсілім Кәусар	4	әнші
11	Өтеген Мәди	4	актер

Анықтама

№145 орта мектебінде «Мектеп театры» жобасы бойынша кастинг өткізілді. Өтүрлі рөлдерді ойнау үшін актерлер таңдалды. Кастинг бастауыш сынып оқушыларының аясында өткізілді. Оқушыларды театр құрамына қабылдау. Топ құру, танысу, шығармашылық қабілеттерін анықтау. Қабілеті бар өнерлі оқушыларымыз таңдалып алынды.



Анықтама

2022ж қазан айының 28 күні мектеп театрының ашылу салтанаты өткізілді. Онда оқушыларымыз бойындағы барлық өнерлі қабілеттерін шыңдай білді. Қойылым қойылды. Түрлі рөлдерде өздерін жақсы көрсете білді. Сахнада жақсы шығармашылық өнер көрсеткен оқушыларымызға сыйлықтар берілді.



Анықтама

Қараша айында оқушылар рөлдермен жұмыс жасауды бастады. Оның ішінде диалог құру шын мәнінде оқушылардың бір-бірімен сұхбаттасуынан немесе оқушы мен мұғалім арасындағы пікір мен ой қорытындысын жүйелеу мен дамытуының көмектесуіне арналған амал. Бұл әдіс оқушының ой өрісін дамытумен қатар жан-жақтылыққа, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуіне мүмкіндік жасайды. Оқушылар үш адамнан тұратын топта жұмыс істейді. Топтағы бір оқушы – шешен, біреуі – тілші және үшіншісі – хатшы рөлін атқарады. Шешен бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Хатшы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы оқушылар рөлдерімен ауысады.



Анықтама

Мектебімізде театр қатысушылары арасында дикция яғни дыбыстармен жұмыс жасалды. Дауыстың күшті шығуы - сөйлеу органдарының, дыбыстың күшіне байланысты. Дауыс тембірімен жаттығулар болды. Дауысты тәртіпке келтіру үшін жаттықтырып тәрбиелеу керек. Соның нәтижесінде дауыс тоны өзгеріп, тыңдарманға ұнамды болуын, әрбір 2-3 сағат сайын көлемді мерзімді дем алу, тыныстау жүйесімен жұмыс жасалды.



Анықтама

2022 жылдың 13 желтоқсан күні мектебімізде «Қызыл телпек» ертегісі қойылды. Ертегіні біздің белсенді оқушыларымыз рөлдерде керемет ойнады. Ертегінің мазмұнын түсінді. Кейіпкерлерді жақсы сомдады. Ертегі кейіпкерлерін сипаттай білуге дағдыланды. Қызыл қалпақ киген қыздың қарапайым да күрделі еместей көрінетін оқиғасы, шын мәнінде, терең мағыналы, психологиялық астарлы ертегі екенін түсінді. Дегенмен, Қызыл телпек жаман істер жасайды. Қауіппен, қасқырмен бірінші кездесуде ол анасының барлық нұсқауларын ұмытып, аңмен сөйлесе бастайды. Сондықтан қызды ертегінің соңында жеп қойған. Қасқырды өлтіріп, Қызыл мен оның әжесін босатқан аңшылардың келуімен қайғылы соңы мейірімді және бақытты аяқталуға айналады.



Анықтама

№145 орта мектебінде 2023жылы қаңтар айында 4сынып оқушылары «Ұртокпақ» ертегісінен қойылым қойды. Қойылымда оқушыларымыз тығыз қарым қатынас жасай отырып, қызығушылықтарын арттыра түсті. Сонымен бірге оқушыларымыз жағымды кейіпкерлеріміздің жақсы қасиеттерін бойларына сіңіре білді. Ертегідегі басты кейіпкерлер өз дәрежесінде сомдап, көпшіліктің көңілінен шықты. Ертегі тақырыпқа сай көңілді әрі қызықты болды.



Анықтама

Мектебімізде театр жобасы аясында «Адалдық» тақырыбында 4 сынып оқушылары арасында айтысу, қызықты тартысты өтті. Оқушылар белсене дайындалып қызығушылықпен қатысты.



Анықтама

15 мамыр – «Халықаралық отбасы күніне» орай №145 орта мектебінде ,мектеп театрының бүлдіршіндері «Не ексең соны орасың» тақырыбында сахналық қойылым көрсетті.Балалар отбасын қадірлеу,үлкенді ,ата -ананы сыйлау сияқты отбасылық құндылықтарды дәріптеп көпшілікке үлкен ой тастады.

